

АНЫҚТАМА

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай оқушыларды адамгершілікке, мейірімділікке және өзара сыйластыққа тәрбиелеу мақсатында «Алғыс айту – парызың!» тақырыбында бірқатар маңызды іс-шаралар кешені өткізілді.

Іс шара барысында «Жүректен жүрекке» бірыңғай тәрбие сағаттарында Алғыс айту күнінің шығу тарихы, бұл күннің еліміздегі көпұлтты халықтың бірлігі мен татулығының символы екендігі туралы ақпарат берілді. Бұл күннің қиын-қыстау заманда қазақ халқының өзге ұлт өкілдеріне көрсеткен қонақжайлылығы мен мейірімділігінің белгісі екені түсіндірілді.

«Алғыс хаттар» мен «Мейірімділік поштасы» акциясы: Мекеме фойесінде арнайы пошта жәшігі орнатылды. Оқушылар мен қызметкерлер өздерінің ұстаздарына, достарына, ата-аналарына және мекеменің техникалық қызметкерлеріне арналған жылы лебіздері мен алғыс хаттарын жолдады.

«Сізге мың алғыс!» кездесуі мен құттықтау шарасы: Көп жылдар бойы осы мекемеде еңбек етіп, зейнетке шыққан ардагер ұстаздар мен аға буын өкілдеріне құрмет көрсетіліп, арнайы сыйлықтар мен алғыс хаттар табыс етілді.

«Алғыс айту – ізгіліктің белгісі» суреттер мен эссе байқауы: Сайыс барысында қатысушылар өз туындылары арқылы Отанға, ата-анаға, табиғатқа деген алғыстарын шығармашылық тұрғыдан жеткізді. Көрме ұйымдастырылып, үздік жұмыстар марапатталды.

«Жақсылық жасап жарысайық» қайырымдылық акциясы: Мекеме белсенділері жалғызбасты қарттар мен көмекке мұқтаж жандардың үйлеріне барып, тұрмыстық көмек көрсетіп, олардың ақ батасы мен алғысын алды.

Қорытынды: «Алғыс айту – парызың!» атты іс-шаралар жоғары деңгейде өтті. Шара барысында қатысушылардың арасында өзара сыйластық, татулық және бауырмалдық сезімдері нығайып, бір-біріне деген жылы ілтипаттары арта түсті.

Жауапты

Каепов А.М